

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 1296 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1796 қаулысымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өнеркәсіп саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 50, 608-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген өнеркәсіп саласындағы қызметтің жекелеген түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарында:

13 - тармақта:

бірінші абзац "қосалқы абоненттерге" деген сөздерден кейін "(қосалқы тұтынушыларға)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "жедел" деген сөздің алдынан "тұтынушылармен (абоненттік қызметтер, учаскелер) жұмысты," деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "мүмкіндігінің" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) меншік құқығында (шаруашылық жүргізу не жедел басқару) немесе лизинг, концессия, жалдау, сенімді басқару шарттары бойынша тұтынушылармен жұмыс істеуге және абоненттік қызметтерді орналастыруға арналған (құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері) ғимараттың немесе үй - ж а й д ы н ң " .

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

